

МУСАБАЕВА, И.С, КОВШ, Н.А.

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА ҚҰРАЛДАРЫМЕН 15-16 ЖАСТАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖЫЛДАМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ ӨДІСТЕМЕСІНДЕГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӨДІСТЕР.

Мақалада жеңіл атлетика арқылы 15-16 жасар оқушы қыз балалардың жылдамдық қабілеттерін дамыту стратегиясы қарастырылған. Таңдалған әдіс арқылы оқушылардың жылдамдық нәтижелері көрсеткіштерінің артқандығы аңғарылды.

Мақаланың мәнін ашатын сөздер: жылдамдық қабілеттері, жүгіру техникасы, жылдамдық, қашықтық, физикалық жүктеме.

MUSABAEVA, I.S., KOVSH, N.A.

STRATEGIC APPROACHES IN METHODS OF DEVELOPMENT OF SPEED ABILITIES OF RURAL 15-16 YEARS SCHOOLCHILDREN BY MEANS OF TRACK AND FIELD

The article considers the strategic approaches of the development of speed abilities of 15-16 years old schoolgirls by means of track-and-field. The chosen approach of the study allows to increase the speed indicators of schoolgirls.

Keywords: speed abilities, running technique, speed, distance, physical load.

УДК 81'23

Жұмашев, М.Д.,

Филология факультеті тілдер дайындығы оқу-әдістемелік орталығының аға оқытушысы, ҚМПУ, Қостанай қ., Қазақстан

Сартаева, С.А.,

Филология факультеті «Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығының 4-курс студенті, ҚМПУ, Қостанай қ., Қазақстан

СӨЗ ЭКОЛОГИЯСЫ

Түйіні

Мақала сөз экологиясы мәселесіне арналған. «Сөз экологиясы» тақырыбын негізге ала отырып, мемлекеттік тілдің қажеттілік мақсат-мүддесі лингвистикалық, тәрбиелік, эстетикалық, коммуникативтік-прагматикалық, мәдени-танымдық, әлеуметтік-философиялық тұрғыдан қарастырылған.

Мақаланың мәнін ашатын сөздер: сөз экологиясы, сөйлеу мәдениеті, ұлттық тіл, сөз сапасын арттыру, мемлекеттік тіл, тілдік норма.

Кіріспе. Бүгінгі уақытта сөз экологиясы мәселесінің қоғамда орын тебуі экстралингвистикалық факторлардың әсерінен көкейкестілігі күрделене түсуде. Бұл мәселе тек қазақ тіліне ғана тән құбылыс деп айтуға болмайды. Бұл мәселе тіпті дамыған, мемлекеттік статусы әлемдік дәрежеде мойындалған тілдерге де тән. Сондықтан қазіргі уақытта мәдениет экологиясы әлемдік деңгейде кеңінен және жан-жақты белсенді қарастырылып жатыр. Сөз экологиясы кеңірек алғанда рухани экологияның да ең маңызды мәселелерінің негізгі орталық өзегі болып саналады. Рухани экологияның мәдени құбылыстарды сақтауы адамға кері ықпалын тигізетін техникалық прогресті ұтымды игеру мәселелерін де қарастырып отырады. Мәдениетті, рухани құндылықтарды сақтаудың мәні әлемдегі табиғатқа қатысты экологиялық мәселелерден кем түспейді. Адамның биологиялық өміріне табиғат қандай керек болса, рухани өміріне мәдени орта сондай қажет. Экология терминін алғаш рет 1866 жылы ғалым Эрист Геккель ұсынған болатын. Эрист Геккель экологияны организмнің қоршаған ортамен байланысын оқып-үйрететін ғылым ретінде тану керектігін анықтаған, бертін келе бұл атаудың концептуалдық мәні кеңейді, бүгінгі уақытта бұл сөз экологиясының мәселелерін анықтап

түсіндіруге тікелей ықпал етті. Кез келген организмнің қоршаған ортамен қарым-қатынасында әр түрлі факторлардың органикалық, органикалық емес организмдерге тигізетін игі немесе кері әсер ететінін қарастыратын, адамзат қоғамының өзі тіршілік етіп отырған ортамен өзара байланысын зерттейтін әрі түсіндіретін ғылыми бағыттардың жиынтығы экология деп аталынады. Экология терминіне мәдени-ұлттық құндылықтарды бағамдау, саралау тұрғысынан келгенде мағынасы мен мәні тереңдей түсті. «Мәдениет экологиясы» терминінің мәнін бейнелі ашқан ғалымдардың бірі В.Л.Янин болатын. Оның сөзі бойынша мәдени ескерткіштерді құрту географиялық картадан топонимикалық атауларды өшіріп тастаумен бірдей екендігін айта келіп әрі тарихи ескерткіштердің генетикалық қолын құрту деп түсіндіреді. Сондықтан сөз мәдениеті де – мәдениет экологиясының ажырамас бір бөлігі. Саяси-экономикалық, саяси-әлеуметтік жағдайлар, қазіргі қоғамдық, саяси – идеологиялық міндеттердің сипаты, мәдени-тарихи құндылықтарды бағамдау мәселесі, әлеуметтік топтардың әлеуметтік-психологиялық жағдайлары, этнопсихологиялық үрдістер т.б. толып жатқан тілден тыс тұратын факторлардың сөз экологиясының дамуына, өсуіне, керісінше, тоқталуына немесе тұрақтанып қалуына белгілі дәрежеде үлкен ықпал етіп отырады. Сондықтан тілдің толып жатқан мәселелерін экологиялық тұрғыдан қарастыра отырып анықтаудың мәні айрықша.

Сөз экологиясы дегеніміз – ойлау-сөйлеу мәдениеті, сөйлеу тәртібі, лингвистикалық дәстүрге тәрбиелеу, ұлттық тілді қорғау және «тазалау», ұлттық тілді меңгеру, сөз сапасын арттыру, функционалды стильдердегі байланыстарды сақтау, сөз эстетикасының жолдарын анықтау деген ұғым түсініктердің кешенді мәселелерін қарастырады.

Сөзтану ғылымының әрі сөз мәдениетінің негізгі қағидаларын толық орнықтыру бүгінде қазақ тілі ғылымында сөз экологиясы мәселесімен тығыз байланысты. Сондықтан сөз экологиясы деген сөз ауызға ілінгенде астарына, қыры мен сырына тереңірек үңілгенде оның зерттелінер бағыты, мақсаты мен міндеті өте көкейкесті екені бірден байқалады. Лингвистикалық экология туралы басқа ұлт тілдерінде көкейкесті мәселе көтерілуде, осыдан келіп «неге?» деген қисынды сұрақ туындайды. Басқа ұлт тілдерінде мемлекеттік тілге қысым көрсетілмеген, ұлт тілінің мемлекеттік статусы толық сақталған, ұлттың тілге қоғамдағы әлеуметтік топтардың саналы көзқарасы толық орныққан, олардың өз мемлекеттерінде ұлт тілінде мектеп ашу, балабақша ашу мәселесі туралы сөз де қозғалмайды. Бірақ тіл жанды құбылыс болғандықтан, оның өмір сүруіне кедергі келтіретін құбылыс, әрекеттер барлық ұлт тіліне төнетін қауіп екені шындық. Ал, қазақ тілінің бүгінгі жағдайына келетін болсақ, сөз экологиясы туралы мәселелерді, факторларды анықтап береді, сондықтан Қазақстан Республикасындағы қазақ мемлекеттік ұлттық тіліне қатысты бұл мәселе әлдеқайда күрделі.

Негізгі бөлім. Сөз экологиясы – жалпы тұрғыдан алғанда көптеген гуманитарлық пәндердің зерттеу әдіс-тәсілін, міндеті мен мақсатын, анықтамасын, көкейкесті мәселелерін оқытуға тиісті лингвистикалық ғылым. Барлық мемлекеттерде өзінің зерттеу нысаны кез келген ұлттың тіл саясатынан бастап, тілдің ең ұзақ мәселелерінің аралығындағы көкейкесті өте маңызды мәселелерді шешуге атсалысуда. Сөз экологиясының маңыздылығы адамзаттың экология мәселесіне көзқарасы тұрғысынан қарастырылуы тиіс. Адамзат баласының мәдени және рухани құндылықтарын сақтаудың басты міндеті – тіл және сөз мәдениеті болып табылады. Бұл мәселені таратып, тереңірек айтатын болсақ, жалпы адамзат тағдырының өткеннен болашаққа апаратын жолы тілі мен басқа да мәдени мұраларына тікелей қатысты. Сөз экологиясының қарастыратын мәселелерінің қатарына мыналар жатқызылады:

1. тілдік саясат;
2. тілдік орта;
3. лингвоэкологиялық тәрбие;
4. тілдік импульс;
5. тілдік ситуация;
6. тілдік қажеттілік.

Сөз экологиясының көптеген қоғамдық – әлеуметтік және саяси жағдайлармен байланыстылығы басты назарға алынып отырады. Сөз экологиясының тууына немесе оған қолай-

лы жағдай туғызуына себепкер – тілдік саясат мәселесі. Тілдік саясат дегеніміз не? *Тілдік саясат дегеніміз* – белгілі мемлекет немесе қоғамдағы тілдік мәселелерді шешудің практикалық шаралары мен идеологиялық ұстанымдарының жиынтығы. Тіл саясаты кейбір мемлекеттердің ғылыми әдебиеттерінде «тілдік жоспарлау» деп аталынады.

Қазақстан халықтары Ассамблеясында Н.Назарбаев: «қоғамда біздің тіл саясатымыздың мәнін тереңірек және дәлірек түсіндіру керек. Ол кез келген мемлекеттің ұлт саясатының өзегі», – деген еді. Тіл саясатының өзегі, яғни, орталық кіндігі болып табылатын тіл саясатын қазақ елі үлкен тарихи кезеңдермен өткізді. Атап айтсақ, 1921 жылғы 2 ақпанда Қазақстан автономиясы халық комиссарлар кеңесінің 10 тармақтан тұратын деректері (мемлекеттік мекемелерде қостілділік жүйені сақтау), 1923 жылдың 23 қарашасында құжат, 1924 жылғы, 1958 жылғы республика Министрлер Кеңесі қабылданған ережелер, 1989 жылғы 22 қыркүйектегі құжаттар және т.б. бұған дәлел бола алады.

Сөз экологиясы мәселесінде *тілдік орта* ерекше маңызды рөл атқарады. Сондықтан тілдік орта қуатты құрал екеніне ерекше назар аударылуы керек. Олай болса, сөз экологиясының орталық кіндігі – тілдік орта. Тілдік орта халық тілінің өмір сүруінің қажеттілігін, әлеуметтік қызметінің сан-салалы қызметін атқарады. Тілдік ортаның болуы, тұрақтануы, өмір сүруі тіл саясатына тікелей қатысты, тіл саясаты тіл заңының күшімен толық орнығып отырады.

Р.Сыздық тілдік орта жоқ болғанның өзінде де ана тілін ғана емес, басқа тілдік орта болмаса да туған тілге, ата-баба тіліне деген лингвоэкологиялық көзқарастың қуаттылығының арқасында қазақ тілін үйренгенін айтады.

Қазір қазақ ұлт өкілдері әлемдік ресми тілдің қатарына жататын ағылшын, қытай, араб тілдерін тілдік орта болмастан үйренуге күш салып жатыр. Бұл сол тілге деген қажеттілік, орыс тілінің ықпалы жойылмаған жағдайда кез келген ұлт азаматының шынайы көзқарасына да байланысты. Былайша айтқанда, сөз экологиясын болдырмауға ең қажетті алғышарттар – тілдік орта мәселесі. Сөз мәдениетінің бүгінгі жай-күйі тілді таратушылардың сөз тәртібін меңгеруі мен пайдалануы қандай дәрежеде екенін анықтау үшін тілдік орта деп аталатын іргелі категорияны жан-жақты анықтау керек.

Тілдік орта – экологиялық мәселелерді реттейтін, экологиялық проблемаларын тудыратын сапалы топ. Тілдік ортаның өте маңызды іргелі ұғым екенін толық тану, бағамдау жеке тілдік тұлғаны анықтау арқылы көрінеді. Тілдік ортаны шартты түрде бірнеше топқа бөліп қарауға болады. Тілдік орта – жанұя, балабақша, мектеп, өскен орта, қарым-қатынас аясы, қызмет орны, т.б. Тілдік ортада ана тілінде сөйлеп, жазып, тілдің коммуникативтік, әлеуметтік және эстетикалық қызмет таратушылар тобын қалыптастыру мен оның өмір сүруінің жағдайын жасау мемлекеттік іс деп тану керек. Тілдік ортаны қазақ мемлекеттік тілінің тұтқасы деп айтуға болады. Р.Сыздық тілдік орта туралы былай дейді: *«Тілдік орта деген қуатты күш» деген Елбасы өз жауабында қазақ балабақшаларын көбейтуге, қазақ мектептерін көптеп ашуға арнайы тоқталғанда осынау тілдік ортаны жасаудың бірден-бір қажетті және пәрменді жолдарын атағаны деп білеміз.*

Сөз экологиясының көп мәселелерінің бірі – *тілге деген қажеттілікті тудыру*. Кеңес үкіметі кезінде орыс тіліне қажеттілік туып тұрғандықтан, қазақтар орыс тілін үйренді. Қазіргі кезде қазақ ұлтының өкілінен басқаларға да қазақ тіліне қажеттілікті тудыру керек. Президент қазақ тілін білмеген қазақтардың мемлекеттік тілді білуін талап етеді. Бұл туралы Р.Сыздық былай дейді: *«Тілге деген қажеттілік күшті емес, тіпті көп жағдайда жоқ деуге болады, әзірге көп орындарда орыс тілінің қажеттілігі жүрдектеу болып тұр.* Сөз экологиялық мәселелерін болдырмау үшін ұлт тілінің мемлекеттік статусын сақтап қалу, ұлттың экологиялық санасын реттеуді талап етумен қатар ұлттық тілге көзқарасты өзгерту керек екеніне баса назар аударылуы қажет. Қазақ тілінің бүгінгі жай-күйі мен тілдік ситуациясын танып-білдіруге күш салған, туған тілдің толғағын көтеріп жүрген, толғауы тоқсан тілдің көркемдік бедерін, жазу мен сөйлеуде көрінетін эстетикалық бағдарын бірде ашық, бірде жасы-

рын баспа ақпарат құралдары беттерінде айтып жүргендердің тілдік сана мен тілдік көзқарасты өзгертуге ықпал етеді.

Сөз экологиясының қарастыратын тағы бір ерекше саласы бар. Бұл сала *лингвоэкологиялық тәрбие* деп аталынады. Қазақ тілі үшін лингвоэкологиялық тәрбие жанұяда, балабақшада бастау алуы керек. Өзге ұлт өкілдерінің баласын қазақ балабақшасында тәрбиелеу бір жағы тілдік саясат болса, екіншіден, лингвоэкологиялық тәрбиенің бастауы, өзі өмір сүріп жатқан мемлекетінің мемлекеттік тіліне құрмет, ұлтқа сүйіспеншілік, ұлтаралық татулық сияқты мәселелердің шынайылығын білдіреді. Сөз экологиясына тәрбиелеудің басты бір арнасын мемлекет ішіндегі тілдік ахуал реттеп отырады. Мемлекет ішіндегі қостілділік пен басқа тілдің басымдылығын дұрыс таразылап, ұлт тілінің ресми мәртебесін сақтайтын іс-қимылдарды реттеп отыру да экологиялық тәрбиеге жатады.

Лингвистикалық экология мәселелеріне жататын тағы бір фактор – *тілдік импульс*. Ұлттық тілге тілдік импульс беретін қоғамдағы атқарылып жатқан сан алуан шаралар, игі істер, үлгі-насихат жұмыстары, оның халықтық мәні мен мазмұнын түсіндіретін бағыттары, ұлттық заңдылығын түсіндіру мәселелері жатады. Мұндай шаралар Қазақстан Республикасында лингвистикалық тұрғыдан да, қоғамдық, мемлекеттік тұрғыдан да халыққа аз түсіндірілген жоқ.

Тілдік импульске Елбасы тарапынан тілдің қуатты қолдау табуы, тілдік импульсты жалғастырушылардың атқарған қызметтері жатады. Мысалы: «Мемлекеттік тілге – мемлекеттік акция» деген атпен мамандырылған лингвистикалық орталықтар құру мәселесі, М.Шахановтың «Мансабы үшін тілін сатқан ұлтсыз» сыйлығын белгілеу бастамасы, басқа да толып жатқан республика аймағында Президенттің мемлекеттік Ұлттық тіл туралы тапсырмасына қатысты шаралардың орындалып жатуы – тілдік импульстің негізгі көрсеткіштері. Бұл ұлт тілін, ана тілді дамытудың жаңа бағыты – лингвистикалық экология бағытының қалыптасуына, негіз болған нәрсе деп айтуға болады. БАҚ бетінде тілге импульс беретін, ұлттық тілге қатысты мәселелер, ой-пікірлер ортаға салынғаны осының көрнекті айғағы болып саналады.

Қорытынды. Адамзат баласы тілсіз тіршілік ете алмайды. Сөз, сөйлеу тілі, қолданыс тілінің көп қырлы аспектісін сөз экологиясы ғана түсіндіреді.

Сөзтану ғылымының негізгі нысаны – тіл арқылы қарым-қатынас жасаған адамдардың сөзі. Адам сөз арқылы бір-бірімен қарым-қатынас жасайды, қарым-қатынас жасау өте күрделі процесс болып саналды.

Сөз экологиясының шешілмеген мәселелері қазақ тілі үшін өте күрделі жауапкершілікті талап етеді. Қазақтың бүгінгі күні сөз экологиясының басты категорияларына жататын міндеттер мен мәселелер баршылық, олардың қатарына жататындарды анықтап алу керек. Сөз экологиясына кең міндет артып, толық бағамдауға негіз болатын әрі басты сипатының белгілері олардың сапалық қасиеттері болып саналады. Сөз экологиясының сапалық қасиеттері – ұлттық тілдің тазалығы, анықтығы, көркемдігі, дұрыстығы және тағы басқа.

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез қасиеттерімен озады» деген ұлы ақын Абай сөзі қай заманда да өз мәнін жоймақ емес. Сондықтан болар, білім беру жүйесін дамыту басты бағыт болып саналады. Еліміздің қазіргі заман талабына сай ҚР «Білім туралы» заңының 5-бабында «барлық оқу орындары мемлекеттік жалпы міндетті стандартқа сәйкес мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білу мен дамытуды, орыс тілі және шетел тілін оқып үйренуді қамтамасыз етуге тиіс» деп көрсетілген. Ата заңымызда әлемдік тілдердің қай-қайсысын да тануға ерік берілген. Мемлекетіміз саяси, экономикалық, мәдени байланыстары бірнеше тілде білім алуды қажет етеді.

Көптілді білім беру дегеніміз – оқу үрдісі барысында екі не одан да көп тілде білім беру. Мемлекетіміздің мектеп реформасында қаралған үш тілде оқыту – қазіргі заман қажеттілігі. Осы мақсатта қазақ, орыс, ағылшын тілдері ұлтына қарамастан тең дәрежеде асырылады.

Тілдерді дамыту – еліміздегі мемлекеттік саясаттың аса маңызды бағыттарының бірі. Тіл проблемаларын оңтайлы шешу – ұлтаралық қатынастар үйлесімділігінің, халық бірлігі

мен қоғамдық келісімді нығайтудың түпқазығы болып табылады. Елбасымыз Қазақстан халқына арнаған «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын жүзеге асыруды ұсына отырып, қазақ елін әлемдегі үш тілді қатар тұтынатын білімді де білікті ел ретінде танытуымыз қажет екенін және мемлекеттік тіл – қазақ тілі екенін ерекше атап көрсеткен.

Тілдерді дамытуда сөздің экологиялық мәселелерін болдырмау үшін ұлт тілінің мемлекеттік статусын сақтап қалу, ұлттың экологиялық санасын реттеуді талап етумен қатар ұлттық тілге көзқарасты өзгертуге баса назар аударылуы керек.

Әдебиеттер тізімі

- Әлкебаева, Д.А. Сөз мәдениеті: Оқу құралы [Мәтін] / Д.А. Әлкебаева. – Алматы, 2011. – 207 б.
Серғалиев, М. Стилистика негіздері [Мәтін] / М. Серғалиев. – Астана: Астана нұр, 2004. – 270 б.
Сыздықова, Р. Тілдік норма және оның қалыптасуы [Мәтін] / Р. Сыздықова. – Астана: Елорда, 2001. – 310 б.
Уәлиев, М. Сөз мәдениеті. Қазақ тілі: Энциклопедия [Мәтін] / М. Уәлиев. – Алматы, 1999. – 784 б.
Шалабай, Б. Қазақ тілінің стилистикасы. Оқу құралы [Мәтін] / Б. Шалабай – Алматы, 2006. – 304 б.

Мәлімет редакцияға түсті: 09.04.2018

ЖУМАШЕВ, М.Д., САРТАЕВА, С.А. ЛИНГВОЭКОЛОГИЯ

Статья посвящена актуальным проблемам лингвоэкологии. Рассмотрена значимость и востребованность государственного языка в лингвистических, воспитательных, эстетических, коммуникативно-прагматических, культурно-познавательных, социально-философских сферах.

Ключевые слова: лингвоэкология, культура речи, национальный язык, повышение качества речи, государственный язык, языковая норма.

ZHUMASHOV, M.D., SARTAIEVA, S.A. ENVIRONMENTAL SPEECH

The purpose of the study: to study and explore the official language of the linguistic, didactic, aesthetic, communicative-pragmatic, cultural, and other approaches.

Keywords: Environmental speech, cultural, linguistic nature, national language, language norma.

УДК 82

Бекбосынова, А.Х.,
филология ғылымдарының кандидаты,
қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті,
ҚМПУ, Қостанай қ., Қазақстан
Оңалбаева, К.Е.,
4 курс студенті, ҚМПУ,
Қостанай қ., Қазақстан

ҚАҒАРМАНДЫҚ ЭПОСТАРДАҒЫ ӘЙЕЛ ЖӘНЕ ТҰЛПАР ОБРАЗЫ

Түйіні

Әйел және тұлпар образы – барлық қаһармандық эпосқа көрік беретін, жырды толықтырып, мәнін аша түсетін қызық та шытырман бейнелер. Мақалада қаһармандық эпостарда кездесетін әйел мен ат бейнесіне талдау жасалынып, мағынасы ашылады.

Мақаланың мәнін ашатын сөздер: сұлулық, нәзіктік, ақылшы, өмірлік жар, жолдас – серік, мәңгілік дос.